

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2013 жылдың 24 желтоқсандағы
№ 185 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2013 жылдың 25 желтоқсанынан бастап

қолданысқа енгізілді

Биржалық ақпаратты коммерциялық негізде ұсыну шарттары туралы **ҚАҒИДА**

Алматы қ.

2013

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2014 жылдың 17 сәуіріндегі № 58 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2014 жылдың 01 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2015 жылдың 27 наурызындағы № 38 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2015 жылдың 31 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) Биржалық ақпараттарды тарату Ережелеріне, "Қазақстан қор биржасы" АҚ ақпараттық саясатының негізгі қағидаларына, сондай-ақ "Қазақстан қор биржасы" АҚ басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, Биржаның ақпараттық өнімдерін коммерциялық негізде ұсыну шарттары мен тәртібін анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Қағидада пайдаланылған өзге де ұғымдар келесіні білдіреді:
 - 1) **"вендор"** – Биржаның ақпараттық өнімін Биржадан немесе компания-агенттен (соның ішінде ақпараттық жүйелерге кіруге рұқсат арқылы) алып және осы ақпараттық өнімді және/немесе Биржаның ақпараттық өнімі негізінде жасалған ақпаратты (осы баптың 3 тармағында белгіленгенді қоспағанда) таратуға ниеттенген (тарататын), тұлға; бұл ретте компания-агент Биржаға қатынасты вендор болмауы тиіс (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 2) **"түпкі пайдаланушы"** – Биржадан, вендордан немесе суб-вендордан алатын Биржаның ақпараттық өнімі немесе Биржаның ақпараттық өнімінің негізінде жасалған ақпаратты алуға жазылушымен өкілденген, немесе жазылушыдан кіруге немесе пайдалануға (өзге тұлғаларға таратуға немесе көрсетуге құқығысыз) рұқсат алған, жеке тұлға;
 - 3) **"жазылушы"** – Биржадан, вендордан немесе суб-вендордан алатын Биржаның ақпараттық өнімі немесе Биржаның ақпараттық өнімінің негізінде жасалған ақпаратты ішкі пайдаланым мақсатында алатын (соның ішінде ақпараттық жүйелерге рұқсаттама арқылы) және осы мақсатта Биржамен немесе вендормен/суб-вендормен келісім-шарт жасасқан, кез келген тұлға; сонымен қатар, жазылушы жеке тұлға болып табылатын жағдайда, осы жазылушыны Биржа түпкі пайдаланушы ретінде жіктейді;
 - 4) **"суб-вендор"** – Биржаның ақпараттық өнімін вендордан немесе басқа да суб-вендордан және/немесе Биржаның ақпараттық өнімі негізінде жасалған ақпаратты (осы баптың 3 тармағында белгіленгенді қоспағанда) алып, осы ақпараттық өнімді таратуға ниеттенген (тарататын), тұлға;
 - 5) **"сауда-саттық ақпарат"** – биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер туралы және Биржада айналысқа (саудалауға) жіберілген қаржы құралдарымен осындай мәмілелер жасасуға берілген өтінімдер туралы биржалық ақпарат;
 - 6) **"компания-агент"** – Биржа өзінің қандай да бір қандай да бір ақпараттық өнімдерін таратуға тартуға құқылы және Биржа мен оның арасындағы қарым-қатынастар, Биржа мен осы компания-агенттің арасында жасалған келісім-шартта анықталатын, заңды тұлға (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен өзгертілген*).
2. Осы Қағидада қолданылған ұғымдар, Биржаның ішкі құжаттарында қолданылған ұғымдарға ұқсас.
3. Биржаның ақпараттық өнімін және/немесе Биржаның ақпараттық өнімі негізінде жасалған ақпараттық өнімді (ақпаратты) тек индикаторды (индикаторларды) есептеу және тарату үшін пайдаланатын кез келген тұлға, Биржаға қатынасты вендор немесе суб-вендор болып табылмайды.

3. Осы Қағиданың мақсаттары үшін Биржаның нарықтары деп түсіну керек:
 - 1) шетел валюталары және валюталық своп операцияларының секторы;
 - 2) үлестік бағалы қағаздар;
 - 3) корпоративтік борыштық бағалы қағаздар;
 - 4) мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын;
 - 5) репо операцияларының нарығы;
 - 6) туынды қаржы құралдарының нарығы.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 17 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген).

2 бап.

Вендорлардың және ақпарат тұтынушыларының жіктелімі

1. Вендорларды Биржа ғаламдық, аймақтық және жергілікті вендор ретінде жіктейді:
 - 1) ғаламдық вендор – Биржадан алатын ақпаратты тарататын, және Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мүшесі болып табылатын, кез келген өзге де мемлекеттің резиденті болып табылатын тұлға;
 - 2) аймақтық вендор – Биржа ғаламдық вендор ретінде жіктейтін ұйымның еншілес ұйымы немесе филиалы болмастан, Биржадан алған ақпаратты таратады, және Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мүшесі болып табылатын, кез келген өзге де мемлекеттің резиденті болып табылатын, тұлға;
 - 3) жергілікті вендор – Биржа ғаламдық немесе аймақтық вендор ретінде жіктейтін ұйымның еншілес ұйымы немесе филиалы болмастан, Биржадан алған ақпаратты таратады, және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, тұлға.
2. Жазылушылардың және/немесе олардың түпкі терминалдары орналасқан елдерді Биржа үш топқа жіктейді.
 - 1) Бірінші топқа Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Түрікменстан кіреді;
 - 2) Екінші топқа Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Украина кіреді;
 - 3) Үшінші топқа бірінші және екінші топқа кірмеген басқа елдердің барлығы кіреді.

2 бап. БИРЖАНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ӨНІМДЕРІ. БИРЖАНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ӨНІМДЕРІН АЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

3 бап.

Биржаның ақпараттық өнімдері

1. Биржа келесідей ақпараттық өнімдерді таратады:
 - 1) нақты уақыт тәртібіндегі сауда-саттық ақпарат;
 - 2) кідірілген сауда-саттық ақпарат;
 - 3) сауда-саттық нәтижелері туралы ақпарат;

- 4) мұрағаттық сауда-саттық ақпарат;
 - 5) нақты уақыт тәртібіндегі Web-Quotes *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 6) анықтамалық ақпарат *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
1. Биржаның ақпараттық өнімдерінің құрамын, форматын және өзге де қасиеттерін Биржа дербес түрде анықтайды.

Ақпараттық өнімдерді ұсынудың стандартты әдістері ақпараттық өнімдердің сипаттамаларында көрсетіледі. Ақпараттық өнімдер, Биржамен келісе отырып, осы Қағиданың 9 бабының 6 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп, сипаттамалар мен техникалық маманданымдарда көрсетілген әдістен басқа әдіспен және өзге форматта ұсынылуы мүмкін *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.

4 бап. Нақты уақыт тәртібіндегі сауда-саттық ақпарат

1. Нақты уақыт тәртібіндегі сауда-саттық ақпарат – бұл:
 - 1) Биржа өткізетін қаржы құралдар сауда-саттығының барысы туралы ақпарат, соның ішінде (бірақ тек осымен шектелмей), Биржа қабылдаған қаржы құралдарымен мәміле жасасуға өтінімдердің¹ бағалары мен көлемдері (ақшалай және саудаланатын қаржы құралдарының санымен), қаржы құралдарымен жасалған мәмілердің бағалары мен көлемдері (ақшалай және саудаланатын қаржы құралдарының санымен) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) Биржада саудаланатын қаржы құралдар туралы ақпарат;
 - 3) Биржаның ішкі құжаттарында тізімі белгіленген, сауда-саттық барысында және/немесе қорытындысы бойынша Биржа есептейтін, нарық индикаторларының мәндері туралы ақпарат.
2. Нақты уақыт тәртібіндегі сауда саттық ақпаратқа тікелей мәмілелер туралы, сондай-ақ тікелей мәміле жасасуға Биржаның сауда-саттық жүйесіне арнайы мамандандырылған сауда-саттық шегінде берілген өтінімдердің мәліметтері кірмейді.
3. Нақты уақыт тәртібіндегі сауда-саттық ақпаратты Биржа сауда-саттық күні бойы үздіксіз ағыммен ұсынып тұрады. Осындай ақпараттың туындауы мен оны тұтынушыларға жөнелтуге дейінгі техникалық кідіріс үш минуттан аспауы тиіс.
4. Нақты уақыт тәртібінде сауда-саттық ақпаратты ұсынуды Биржа мәліметтер берудің FIX хаттамасы арқылы жүзеге асырады. Мәліметтер ұсынудың FIX хаттамасы арқылы трансляцияланатын, сауда-саттық ақпараттың техникалық маманданымы Қағиданың 1 қосымшасында берілген.
5. Тарату құқығымен нақты уақыт тәртібінде сауда-саттық ақпаратты ұсынуға алымдардың көлемін есептегенде Биржа, ақпарат жеткізілетін терминалдың санына сәйкес, ақырғы тұтынушылардың санын немесе ақырғы тұтынушылардың нақты санын ескереді.

Биржа терминал ретінде, ақырғы пайдаланушыларға сауда-саттық ақпаратын алуға мүмкіндік беретін, кез келген бағдарламалық, техникалық немесе бағдарламалық-техникалық құралдарды (мысалы, ақпараттық

¹ Осы ақпараттық өнімге қатысты, өтінім деп әр қаржы құралы бойынша уақыттың әр сәтінде бағасы бойынша ең үздік өтінімдерді түсіну керек.

жүйелердің терминалдары, сауда-саттық ақпаратты бейнелеп көрсете алатын (шығару құралдарына бағыттай алатын) мобильді байланыс құралдары, сауда-саттық ақпараты бар интернет-сайттың беттеріне рұқсаттама беретін деректемелердің жиынтығы) жіктейді.

6. Сауда-саттық ақпаратты нақты уақыт тәртібінде кез келген амалмен тегін таратуға тыйым салынады.

5 бап. Кідірілген сауда-саттық ақпарат

1. Кідірілген сауда-саттық ақпараты құрамы бойынша, осы Қағиданың 4 бабының 1 және 2 тармақтарында анықталған, ақпаратқа ұқсас.
2. Кідірілген сауда-саттық ақпаратты Биржа әр сауда-саттық күні бойы үздіксіз ағыммен ұсынып тұрады. Осындай ақпараттың туындауы мен оны тұтынушыларға жөнелтуге дейінгі техникалық кідіріс он бес минуттан кем тиіс.
3. Кідірілген сауда-саттық ақпаратты ұсынуды Биржа мәліметтер берудің FIX хаттамасы арқылы жүзеге асырады. Мәліметтер ұсынудың FIX хаттамасы арқылы трансляцияланатын, сауда-саттық ақпараттың техникалық маманданымы Қағиданың 1 қосымшасында берілген.

6 бап. Сауда-саттық қорытындысы туралы ақпарат

1. Сауда-саттық қорытындысы туралы ақпарат – Биржа өткізетін қаржы құралдар сауда-саттықтарының нәтижелері (соның ішінде аралық) туралы ақпараттар: әр қаржы құралы бойынша Биржа қабылдаған өтінімдердің² бағалары мен көлемдері туралы және қаржы құралдарының өзі туралы әр кезеңге біріктірілген ақпарат.
2. Сауда-саттық қорытындысы туралы ақпаратқа тікелей мәмілелер туралы, сондай-ақ тікелей мәміле жасасуға Биржаның сауда-саттық жүйесіне арнайы мамандандырылған сауда-саттық шегінде берілген өтінімдердің мәліметтері кірмейді.
3. Сауда-саттық қорытындысы туралы ақпаратты, Қағиданың 2 қосымшасына сәйкес, осы ақпараттың өнімнің техникалық маманданымымен анықталатын және оны жеткізу бойынша тиісті келісім-шарттарға сәйкес, Биржа белгілі бір уақыт аралығымен ұсынып отырады.
4. Биржа сауда-саттық қорытындысы туралы ақпаратты жеткізудің келесідей амалдарын қолдайды:
 - 1) электрондық пошта арқылы;
 - 2) FTP-ресурсын қолданумен.

7 бап. Мұрағаттық сауда-саттық ақпарат

1. Мұрағаттық сауда-саттық ақпарат – Биржа қаржы құралдарымен өткізген сауда-саттықтар туралы тарихи³ ақпарат: Биржа қабылдаған мәміле жасасуға өтінімдердің бағалары мен көлемдері туралы және қаржы құралдарының өзі туралы ақпарат.

² Осы ақпараттың өнімге қолданымды өтінімдер деп тек әр қаржы құралы бойынша кезең аяқталар сәтіндегі бағасы бойынша ең үздік өтінімдерді түсіну керек.

³ Тарихи ақпаратқа Биржа ағымдағы уақытта актуалды болып табылмайтын, кез келген ақпаратты жатқызады.

Мұрағаттық ақпаратқа тікелей мәмілелерге қатынасты, сондай-ақ арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар шегінде жасалған мәмілелерге қатысты мәліметтер кіруі мүмкін⁴.

2. Мұрағаттық сауда-саттық ақпаратты Биржа сауал бойынша файлдар түрінде, сауда-саттық нәтижелері туралы ақпараттар файлдарының форматына ұқсас форматта, өтінімдер тізілімі және мәмілелер тізілімі түрінде ұсынады. Мұрағаттық сауда-саттықтың техникалық маманданымы осы Қағиданың 3 қосымшасында берілген.
3. Алымдардың көлемі, сондай-ақ мұрағаттық сауда-саттық ақпаратты жеткізу тәсілдері осы Қағиданың 3 (А) Қосымшасында берілген.
4. Биржа мұрағаттық ақпаратты келесідей амалдармен жеткізеді:
 - 1) электрондық пошта арқылы;
 - 2) FTP-ресурсын қолданумен.

8 бап. Нақты уақыт тәртібіндегі Web-Quotes

1. Нақты уақыт тәртібіндегі Web-Quotes – бұл жазылушыларға нақты уақыт тәртібінде Биржаның интернет-сайты (www.kase.kz) арқылы Биржа өткізетін қаржы құралдар сауда-саттығының барысы, Биржа қабылдаған мәміле жасасуға өтінімдердің⁵ бағалары мен көлемдері туралы және жасалған мәмілелердің бағалары мен көлемдері туралы ақпараттарды көруге рұқсаттама беру
2. Web-Quotes шегінде берілетін ақпаратқа тікелей мәмілелер туралы, Биржаның сауда-саттық жүйесіне тікелей мәміле жасасуға берілген өтінімдер туралы, сондай-ақ арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар шегінде жасалған мәмілелер және осындай мәмілелер жасасуға Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілген өтінімдер туралы ақпараттар кірмейді.

Осы ақпараттық өнімге қолданымды өтінімдер деп тек әр қаржы құралы бойынша уақыттың әр сәтінде бағасы бойынша ең үздік өтінімдерді түсіну керек.
2. Нақты уақыт тәртібінде Web-Quotes шегінде ұсынылатын ақпаратты Биржа әр сауда-саттық күні бойы үздіксіз ағыммен ұсынып/жариялап тұрады. Осындай ақпараттың туындауы мен оны тұтынушыларға жөнелтуге (жариялануына) дейінгі рұқсат етілген техникалық кідіріс он минуттан аспауы тиіс. Нақты уақыт тәртібінде Web-Quotes өнімінің техникалық маманданымы осы Қағиданың 4 қосымшадағында берілген.

Статья 8-1. Справочная информация

1. Анықтамалық ақпарат – қаржы құралдары туралы және/немесе олардың эмитенттері туралы, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарына және саясатына қайшы келмейтін, басқа да биржалық ақпарат.
2. Анықтамалық ақпарат белгілі бір уақыт аралығында, сұрату бойынша немесе, оның жаңаруына, қарай оған рұқсаттама беру арқылы Биржамен ұсынылуы мүмкін.

⁴ Тікелей мәмілелер, сондай-ақ арнайы мамандандырылған сауда-саттықта жасалған мәмілелер туралы ақпараттар осы ақпараттық өнім шегінде, тек осы Қағиданың 3 (Б) Қосымшасында анықталған өтінімдер мен мәмілелер тізілімі түрінде ғана беріледі. Файлдар түрінде, сауда-саттық нәтижелері туралы ақпараттар файлдарының форматына ұқсас форматта ұсынылатын, мұрағаттық ақпаратқа тікелей мәмілелер, сондай-ақ арнайы мамандандырылған сауда-саттықта жасалған мәмілелерге қатынасты мәліметтер кірмейді.

⁵ Осы ақпараттық өнімге қолданымды өтінімдер деп тек әр қаржы құралы бойынша уақыттың әр сәтінде бағасы бойынша ең үздік өтінімдерді түсіну керек.

3. Анықтамалық ақпаратты ұсынудың негізгі амалы Биржаның интернет-сайтын қолдану арқылы болып табылады.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен енгізілген).

9 бап. Биржаның ақпараттық өнімдерін ұсыну және тарату шарттары

1. Ақпараттық өнімдерді ұсынғаны немесе әрі қарай тарату құқығымен ұсынғаны үшін, сондай-ақ ақпараттық өнімдерді үшінші тұлғалармен пайдаланғаны үшін Биржа вендорлардан және жазылушылардан, осы Қағиданың 5 қосымшасына сәйкес, вендорлардың және/немесе жазылушылардың барлық санаттарына бірыңғай болып табылатын, тиянақталған алымдарын алады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2014 жылдың 17 сәуіріндегі шешімімен толықтырылған)*.
2. Алымдар деп, Биржаны есеп-шотына нақты аударылатын, сомаларды түсіну керек. Бұл ретте, Биржа өз қарауы бойынша, қазақстандық заңнамамен қарастырылған, барлық қажетті салықтар мен төлемдерді өзі аударып отырады.
3. Қазақстан Республикасының резиденттері тиісті алымдарды, шот берілгенкүні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген АҚШ долларының ресми бағамы бойынша теңгемен төлейді.
4. Ақпараттық өнімнің тек бір бөлігін ғана алуды көздеген (алатын) тұлға (мысалы, тек мұрағаттық ақпараттың мәмілелер тізілімін немесе тек бір нарық бойынша сауда-саттықтардың нәтижесі туралы ақпарат), осы ақпараттық өнім үшін осы Қағидада қарастырылған алымдарды Биржаға толық көлемде төлеуі тиіс.
5. Биржа қандай да бір тұлғаға қандай да бір ақпараттық өнімді, осы тұлғаға кейін Биржамен ақпаратты тарату туралы келісім жасасуға қажет болса, аталмыш тұлғаға ақпараттық өнімді тегін алуды (немесе алып, таратуды) үш айдан аспайтын мерзімге рұқсат етуі мүмкін.
6. Кез келген тұлға Биржадан қандай да бір ақпараттық өнімді алу мақсатында мәліметтерді ұсынудың жеке немесе қосымша тәсілін пайдаланған жағдайда, Биржа осы тұлғадан айына 300 АҚШ доллары баламасындағы мөлшерде техникалық алым талап етуге құқылы.

10 бап. Биржаның ақпараттық өнімдерін алу және тарату

1. Биржаның ақпараттық өнімін Биржадан немесе компания-агенттен осы ақпараттық өнімді кез келген мақсатта, сондай-ақ, кейін әрі қарай тарату үшін, алу (соның ішінде ақпараттық жүйелерге кіруге рұқсат арқылы), тек Биржамен немесе компания-агентпен тиісті келісім жасасу арқылы ғана мүмкін.
2. Биржаның ақпараттық өнімдері негізінде жасалған туынды өнімдерді таратуды көздеген тұлғалар, осындай таратуды тек Биржамен жасалған келісім арқылы жүзеге асыра алады, немесе, Биржаның жазбаша келісімі болған жағдайда, осындай таратудың шарттары мен мерзімі көрсетілуі тиіс.
3. Осы Қағиданың 1-4 қосымшаларында анықталған, Биржаның ақпараттық өнімдері үшін алымдарды жеткізудің және таратудың шарттары, форматтары мен өзге де қасиеттері Биржаның ақпараттық өнімдерінің вендорларына барлығына бірыңғай болып табылады.

Биржалық ақпаратты
коммерциялық негізде ұсыну
шарттары туралы қағиданың

1 қосымша

**Мәліметтерді ұсыну хаттамасы FIX арқылы
трансляцияланатын, сауда-саттық ақпараттың
ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАНЫМЫ**

1. **Өнімнің анықтамасы** (осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

Өнімнің коды	KASE_FIX
Мерзімділігі	Сауда-саттық күні бойы үздіксіз ағыммен
Тарихи	Жоқ
Формат	FIX-хаттама

2. **KASE FIX хабарламаларымен алмасудың қысқаша сипаттамасы және олардың реттілігі**

Logon – KASE FIX-ке қосылуға сауал.

SecurityListRequest – Биржада саудаланатын бағалы қағаздардың тізімін алуға сауал.

Security List – запрос списка ценных бумаг для получения бағалы қағаздың ID алу үшін бағалы қағаздардың тізіміне сауал.

Market Data Request – сауда-саттық ақпаратын алуға сауал.

Market Data – Snapshot/Full Refresh – шұғыл хабарлама алуға сауал.

Market Data – Incremental Refresh – жаңартулар алуға сауал.

Market Data Request Reject – Бағалы қағаздың қате ID көрсетілген жағдайда жолданады.

Logout – KASE FIX-тен ажыратуға сауал.

3. **KASE FIX хабарламаларының құрылымы**

- 3.1. Logon – KASE FIX-пен сессия құру үшін, пайдаланушының аты мен құпия сөзін көрсетіп, жолданады. Хабарламаның құрылымы мынадай:

№ р/с	ID	Өрістің атауы	Түрпаты	Рұқсат етілген мәні	Сипаттамасы
1.	553	Username	String	–	Пайдаланушының аты
2.	554	Password	String	–	Құпия сөзі

- 3.2. SecurityListRequest – используется для запроса списка ценных бумаг торгуемых на KASE. Хабарламаның құрылымы мынадай:

№ р/с	ID	Өрістің атауы	Түрпаты	Рұқсат етілген мәні	Сипаттамасы
-------	----	---------------	---------	---------------------	-------------

1.	320	SecurityReqID	String	–	Қолданылмайды
2.	559	SecurityListRequestType	Int	"4" (Барлық бағалы қағаздар)	

3.3. Securitylist – Биржада саудаланатын қаржы құралдары туралы ақпараттарға сауал жолдау үшін қолданылады. SecurityReqID және SecurityResponseID өрістеріндегі мәндер ":" қос нүктемен бөлінген. Мәндет белгіленген тәртіпте өңделуі тиіс. Хабарламаның құрылымы мынадай:

№ р/с	ID	Өрістің атауы	Түрпаты	Рұқсат етілген мәні	Сипаттамасы
1.	320	SecurityReqID	String	–	НарықтыңID: НарықтыңАтауы: СектордыңID: СектордыңАтауы: СубсектордыңID: СубсектордыңАтауы
2.	322	SecurityResponseID	String	–	ҚұралдыңID: ҚұралдыңАтауы: ҰСН: ISIN коды(қолжеткізерлік болмаса n/a):ISIN_REGS коды(қолжеткізерлік болмаса n/a): ISIN_144A код(қолжеткізерлік болмаса n/a):CFI коды(қолжеткізерлік болмаса n/a) :Баға түрпаты Бағаның мүмкін болатын түрпаттары: 1 = пайыздар (номиналдан %-бен таза бағасы) 2 = құралдың бірлігіне (яғни, бір акцияға/облигацияға немесе келісімшартқа) 3 = тиянақталған сома (абсолютты шама) 4 = дисконт – номиналдан %-бен төмен 5 = пайыздар (номиналдан %-бен таза емес бағасы) 6 = спрэд (базистік нүкте) 9 = кірістілігі
3.	393	TotNoRelatedSym	Char	"0" (оқшауланған немесе қолданылмайтын қаржы құралы) "1" (қолданыстағы қаржы құралы)	
4.	560	SecurityRequestResult	Int	0	

5.	146			SecListGrp	
6.	15	Currency	String		Баға белгілеу валютасы (ISO 4217)
7.	55	Symbol	String		Қаржы құралының атауы

3.4. Market Data Request – белгілі бір қаржы құралына қатысты сауда-саттық ақпаратына сауал жолдау үшін арналған. Хабарламаның құрылымы мынадай:

№ р/с	ID	Өрістің атауы	Түрпаты	Рұқсат етілген мәні	Сипаттамасы
1.	262	MDReqID	String	–	Market Data Request бірегей сәйкестендірушісі жаңадан қосылған жағдайда "0" мәнімен, немесе либо последним Incremental Refresh хабарламасында MDReqID соңғы мәнімен толтырылады
2.	263	SubscriptionRequest Type	Char	"1"	Барлық жағдайларда мәні 1 белгіленуі тиіс
3.	264	MarketDepth	Int	–	Бұл өріс қолданылмайды, бірақ болуы тиіс
4.	267	NoMDEntryTypes	Int	–	MDEntryType өрістеріне жіберілген сауалдардың саны
5.	269	MDEntryType	Char	0 = сұраным 1 = ұсыным 2 = мәміле 3 = индекстің мәні 4 = ашылу 5 = жабылу 7 = максимум 8 = минимум B = көлемі	Сауда-саттық ақпаратының түрпаты
6.	146	NoRelatedSym	Int	–	Сауал жіберілген құралдардың саны
7.	55	Symbol	String	–	Бұл өріс қолданылмайды, бірақ болуы тиіс
8.	48	SecurityID	String	All – клиенттің тіркелген құралдардың барлығын қайтарады	Сауал жіберілген ресурстың ID (Құрал, Сектор, Субсектор, Нарық,...)

3.5. Market Data – Snapshot/Full Refresh (MsgType = "W") – сауда-саттық ақпаратына жіберілген сауалға жауап жолданады (MsgType = "V") сауал түрпаты = "0" (белгілі бір сәттегі сауал). Market Data – Snapshot/Full Refresh (MsgType = "W") әр бір хабарламасы Market Data Request сауалымен байланысты. Шұғыл хабарламадағы тәгтің MDReqID(262) мәні осы тәгтің Market Data Request сауалындағы мәніне тең. Хабарламаның құрылымы мынадай:

№ р/с	ID	Өрістің атауы	Түрпаты	Рұқсат етілген мәні	Сипаттамасы
1.	262	MDReqID	String		Market Data Request-ке жауап
2.	48	SecurityID	String	All – клиенттің тіркелген құралдардың барлығын қайтарады	Сауал жіберілген ресурстың ID (Құрал, Сектор, Субсектор, Нарық,...)
3.	55	Symbol	–	–	Қаржы құралының қысқаша атауы
4.	451	NetChgPrevDay	–	–	Алдыңғы жабылу мәмілесінің бағасына қатысты өзгеруі
5.		NoMDEntries	–	–	
6.	269	MDEntryType	char	0 = сұраным 1 = ұсыным 2 = trade 3 = индекстің мәні 4 = ашылу 5 = жабылу 7 = максимум 8 = минимум B = көлемі	Сауда-саттық ақпаратының түрпаты
7.	270	MDEntryPx	–	–	Өтінімнің бағасы, бағыты MDEntryType-те көрсетілген
8.	271	MDEntrySize	–	–	Өтінімнің көлемі, MDEntryType-те көрсетілген
9.	346	NumberOfOrders	–	–	Қаржы құралы бойынша өтінімдер саны
10.	336	TradingSessionID	–	–	Мәміленің мәртебесі
11.	811	PriceDelta	float	–	Осы мәмілені қосқанда, орташа сараланған бағасы
12.	275	MDMkt	float	–	Сессияның ішкі нөмірі
13.	37	OrderID	Int	–	Мәміленің ID
14.	272	MDEntryDate	UTCDateOnly	–	Мәміленің датасы
15.	273	MDEntryTime	UTCTimeOnly	–	Мәміленің уақыты

3.6. Market Data – Incremental Refresh (MsgType = "X") – кез келген жаңа ақпарат пайда болғанда FIX MARKET DATA KASE серверімен Market Data Request кейін жолданады. Хабарламаның құрылымы мынадай:

№ р/с	ID	Өрістің атауы	Түрпаты	Рұқсат етілген мәні	Сипаттамасы
1.	262	MDReqID	String	–	Market Data Request-ке жауап
2.	269	NoMDEntries	Int	–	Сауда-саттық ақпаратын алу

					үшін кіру әрекеттерінің саны
3.	279	MDUpdateAction	Char	"0" (жаңа) "1" (өзгертілген) "2" (жойылған)	Сауда-саттық ақпаратын жаңарту тұрпаты. Change хбарламасы New сияқты өңделеді. Delete – мәміленің жарамсыз деп танылғанын білдіреді
4.	269	MDEntryType	char	0 = сұраным 1 = ұсыным 2 = trade 3 = индекстің мәні 4 = ашылу 5 = жабылу 7 = максимум 8 = минимум B = көлемі	Сауда-саттық ақпаратының тұрпаты
5.	270	MDEntryPx	Price	–	Өтінімнің бағасы, бағыты MDEntryType-те көрсетілген
6.	271	MDEntrySize	Qty	–	Өтінімнің көлемі, бағыты MDEntryType-те көрсетілген
7.	274	TickDirection	–	–	Бағаның өзгеруі (плюс, минус)
8.	346	NumberOfOrders	–	–	Қаржы құралына берілген өтінімдердің саны
9.	336	TradingSessionID	–	–	Мәміленің мәртебесі
10.	48	SecurityID	String	All – клиенттің тіркелген құралдардың барлығын қайтарады	Сауал жіберілген ресурстың ID (Құрал, Сектор, Субсектор, Нарық, ...)
11.	55	Symbol	–	–	Қаржы құралының қысқаша атауы
12.	451	NetChgPrevDay	–	–	Алдыңғы мәміленің жабылу бағасы
13.	811	PriceDelta	float	–	Осы мәмілені қосқанда, орташа сараланған бағасы
14.	275	MDMkt	float	–	Сессияның нөмірі
15.	37	OrderID	Int	–	Мәміленің ID
16.	272	MDEntryDate	UTCDateOnly	–	Мәміленің датасы
17.	273	MDEntryTime	UTCTimeOnly	–	Мәміленің уақыты

3.7. Market Data Request Reject (MsgType = "Y") – сауда-саттық ақпаратын алуға сауал қанағаттандырылуы мүмкіні емес болған жағдайда, жолданады. Хабарламаның құрылымы мынадай:

№	ID	Өрістің атауы	Тұрпаты	Рұқсат етілген	Сипаттамасы
---	----	---------------	---------	----------------	-------------

р/с				мәні	
1.	262	MDReqID	String		Market Data Request-ке жауап
2.	58	Text	String	54:SecurityID Error –қаржы құралының қолданылмайтын ID мәні 53:EntryType Error – EntryType тұрпатын қате таңдау	Бас тартудың себебін түсіндіретін, хабарлама

3.8. Logout – отправляется для отключения от KASE FIX. Хабарламаның құрылымы мынадай:

№ р/с	ID	Өрістің атауы	Тұрпаты	Рұқсат етілген мәні	Сипаттамасы
1.	58	Text	String	–	Ажыраудың себебі: 950 – жүйедегі қате; 951 – қосылу үшін ақпараттың қате болуы; 952 – бұл пайдаланушы қосылған

Биржалық ақпаратты
коммерциялық негізде ұсыну
шарттары туралы қағиданың

2 қосымша

Сауда-саттық қорытындылары туралы ақпараттардың ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫНЫМЫ

1. **Өнімнің анықтамасы** (осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

Өнімнің коды	KASE_EOD_24
Мерзімділігі	Сауда-саттық жабылғаннан кейін, күніге бір рет
Тарихи	Жоқ
Форматы	CSV, XLS

2. **Сауда-саттық қорытындылары туралы ақпараттар ақпараттық кесінділер түрінде ұсынылады**

Нарықтар бойынша ақпараттық кесінділердің форматы төменде берілген.

- 2.1. Үлестік қаржы құралдарының нарығы

Өріс №	Атауы	Сипаттамасы
1.	Date	Датасы
2.	Timestamp	Кесіндінің уақыты
3.	Sector	Секторы (1 – тұрақты сауда-саттықтар, 2 – арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар)
4.	Symbol	Қаржы құралының/индикатордың коды
5.	ISIN	Бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі
6.	ISIN	Бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі ⁶
7.	NIN	Бағалы қағаздың ұлттық сәйкестендіру нөмірі
8.	Inst_Type	Қаржы құралының түрпаты (ES – жай акция, EP – артықшылықты акция, EC – айырбасталымды акция, EU – пай, EM – өзгесі)
9.	Issuer_rus	Эмитенттің орыс тіліндегі атауы
10.	Issuer_eng	Эмитенттің ағылшын тіліндегі атауы
11.	Currency	Баға белгілеу валютасы
12.	Best_Bid	Кесінді сәтіне ең үздік сұранымның бағасы
13.	Best_Ask	Кесінді сәтіне ең үздік ұсынымның бағасы
14.	Open	Бірінші мәміленің бағасы
15.	Low	Кезеңдегі минималды баға

⁶ Бағалы қағаздың екі ISIN болса, бұл өріс бос болмайды.

16.	High	Кезеңдегі максималды баға
17.	Close	Кезеңдегі соңғы мәміленің бағасы
18.	Time_Close	Соңғы мәміленің жасалу уақыты
19.	WA	Кезеңдегі орташа сараланған баға
20.	Trades	Кезеңдегі мәмілелердің саны
21.	Turn_Volume	Кезеңдегі қаржы құралдарының санымен сауда-саттық көлемі
22.	Turn_Value_KZT	Кезеңдегі сауда-саттық көлемі, теңге
23.	Turn_Value_USD	Кезеңдегі сауда-саттық көлемі, АҚШ доллары

2.2. Борыштық бағалы қағаздар нарығы

Әріс №	Атауы	Сипаттамасы
1.	Date	Датасы
2.	Timestamp	Кесіндінің уақыты
3.	Sector	Секторы (1 – тұрақты сауда-саттықтар, 2 – арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар)
4.	Symbol	Қаржы құралының/индикатордың коды
5.	ISIN	Бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі
6.	ISIN	Бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі ⁶
7.	NIN	Бағалы қағаздың ұлттық сәйкестендіру нөмірі
8.	Sec_Type	Бағалы қағаздың тұрпаты (1 – мемлекеттік, 2 – корпоративтік, 3 – өзгесі)
9.	Face_Value	Биржада мәміле жасауға қолжетімді, номиналды мәнімен борыштың минималды мөлшері
10.	Issuer_rus	Эмитенттің орыс тіліндегі атауы
11.	Issuer_eng	Эмитенттің ағылшын тіліндегі атауы
12.	Currency	Баға белгілеу валютасы
13.	P_type	Баға тұрпаты (баға белгілеу заты) (CP – номиналдан %-бен көрсетілген, "таза" бағасы, DP – номиналдан %-бен көрсетілген, "таза емес" бағасы, P – баға белгілеу валютасымен көрсетілген, "тезе емес" бағасы)
14.	Best_Bid	Кесінді сәтіне ең үздік сұранымның бағасы
15.	Yield_at_B_Bid	Ең үздік сұранымның бағасы бойынша кірістілігі, жылдық %
16.	Best_Ask	Кесінді сәтіне ең үздік ұсынымның бағасы
17.	Yield_at_B_Ask	Ең үздік ұсынымның бағасы бойынша кірістілігі, жылдық %
18.	Open	Бірінші мәміленің бағасы
19.	Yield_at_Open	Бірінші мәміле бойынша кірістілігі, жылдық %
20.	Low	Кезеңдегі минималды бағасы
21.	Yield_at_Low	Минималды баға бойынша кірістілігі, жылдық %
22.	High	Кезеңдегі максималды бағасы

23.	Yield_at_High	Максимальной баға бойынша кірістілігі, жылдық %
24.	Close	Кезеңдегі соңғы мәміленің бағасы
25.	Yield_at_Close	Соңғы мәміле бойынша кірістілігі, жылдық %
26.	Time_Close	Соңғы мәміленің жасалу уақыты
27.	WA	Кезеңдегі орташа сараланған баға
28.	Yield_at_WA	Орташа сараланған баға бойынша кірістілігі, жылдық %
29.	Trades	Кезеңдегі мәмілелердің саны
30.	Turn_Volume	Борыштың номиналды мәнімен көрсетілген, сауда-саттық көлемі
31.	Turn_Value_KZT	Сауда-саттық көлемі, теңге
32.	Turn_Value_USD	Кезеңдегі сауда-саттық көлемі, АҚШ доллары
33.	DTM	Өтеуге дейін қалған күн
34.	Maturity	Өтеу күні

2.3. Шетел валюталарының нарығы

Өріс №	Атауы	Сипаттамасы
1.	Date	Датасы
2.	Timestamp	Кесіндінің уақыты
3.	Sector	Секторы (SP – спот-нарық, SW – валютного своп операцияларының нарығы)
4.	Symbol	Қаржы құралының/индикатордың коды
5.	Session	Сессиялар (0 – таңертеңгі, 1 – күндізгі, 2 – кешкі)
6.	Best_Bid	Кесінді сәтіне ең үздік сұранымның бағасы
7.	Best_Ask	Кесінді сәтіне ең үздік ұсынымның бағасы
8.	Open	Бірінші мәміленің бағасы
9.	Low	Кезеңдегі минималды баға
10.	High	Кезеңдегі максималды баға
11.	Close	Кезеңдегі соңғы мәміленің бағасы
12.	Time_Close	Соңғы мәміленің жасалу уақыты
13.	WA	Кезеңдегі орташа сараланған баға
14.	Trades	Кезеңдегі мәмілелердің саны
15.	Turn_Volume	Сатып алынған (сатылған) валютаның көлемі
16.	Turn_Value_KZT	Кезеңдегі сауда-саттық көлемі, теңге
17.	Turn_Value_USD	Кезеңдегі сауда-саттық көлемі, АҚШ доллары

2.4. Репо операцияларының нарығы

Өріс №	Атауы	Сипаттамасы
1.	Date	Датасы

2.	Timestamp	Кесіндінің уақыты
3.	Symbol	(репо) құралының/индикатордың коды
4.	Open	Бірінші мәміле бойынша репо мөлшерлемесі
5.	Low	Кезеңдегі минималды репо мөлшерлемесі
6.	High	Кезеңдегі максималды репо мөлшерлемесі
7.	Close	Кезеңдегі соңғы мәміле бойынша репо мөлшерлемесі
8.	Time_Close	Соңғы мәміленің жасалу уақыты
9.	WA	Кезеңдегі орташа сараланған репо мөлшерлемесі
10.	Trades	Кезеңдегі мәмілелердің саны
11.	Turn_Volume	Кезеңдегі құралдардың санымен көрсетілген, сауда-саттық көлемі
12.	Turn_Value_KZT	Кезеңдегі сауда-саттық көлемі, теңге
13.	Turn_Value_USD	Кезеңдегі сауда-саттық көлемі, АҚШ доллары
14.	Inst_Type	Репо затының түрпаты (ES – жай акция, EP – артықшылықты акция, DB – облигация)

Репо операциялары нарығы бойынша мәліметтер файлы, белгіленген кезеңдегі репо ашылу мәмілелері туралы мәліметтерді ғана қамтиды.

2.5. Туынды қаржы құралдарының нарығы

Өріс №	Атауы	Сипаттамасы
1.	Date	Датасы
2.	Timestamp	Кесіндінің уақыты
3.	Cont_Type	Келісімшарттың түрі (FFC – валюта бағамына қаржылық фьючерсі, FFI – индекске қаржылық фьючерсі)
4.	Symbol	Құралдың (келісімшарттың) коды
5.	Exp_Date	Келісімшарттың орындалу датасы
6.	Cont_Size	Келісімшарттың мөлшері
7.	Settle_Price	Есептесу бағасы
8.	Cont_Value	Келісімшарттың құны
9.	Best_Bid	Кесінді сәтіне ең үздік сұранымның бағасы
10.	Best_Ask	Кесінді сәтіне ең үздік ұсынымның бағасы
11.	Open	Бірінші мәміленің бағасы
12.	Low	Кезеңдегі минималды баға
13.	High	Кезеңдегі максималды баға
14.	Close	Кезеңдегі соңғы мәміленің бағасы
15.	Time_Close	Соңғы мәміленің жасалу уақыты
16.	WA	Кезеңдегі орташа сараланған баға
17.	Trades	Кезеңдегі мәмілелердің саны
18.	Turn_Volume	Кезеңдегі келісімшарттың санымен көрсетілген, сауда-саттық көлемі

19.	Turn_Value_KZT	Кезеңдегі сауда-саттық көлемі, теңге
20.	Turn_Value_USD	Кезеңдегі сауда-саттық көлемі, АҚШ доллары
21.	Op_Int_Volume	Ашылған жайғасымдардың көлемі, келісімшарттар
22.	Op_Int_Value_KZT	Ашылған жайғасымдардың көлемі, теңге

Биржалық ақпаратты
коммерциялық негізде ұсыну
шарттары туралы қағиданың

3 қосымша

Мұрағаттық сауда-саттық ақпаратының ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАНЫМЫ

1. Өнімнің анықтамасы *(осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*

Өнімнің коды	KASE_HIST
Мерзімділігі	Сауал бойынша
Тарихи	Иә
Форматы	CSV, XLS

2. Мұрағаттық сауда-саттық ақпаратының форматы

Сауда-саттық қорытындысы бойынша ақпараттық кесінді түрінде ұсынылатын, мұрағаттық сауда-саттық ақпаратының форматы, сауда-саттық қорытындысы бойынша ақпараттық кесінді форматына сәйкес (2 қосымша). Өтінімдер тізілімі және мәмілелер тізілімі түрінде ұсынылатын мұрағаттық ақпараттың форматы төменде берілген.

2.1. Өтінімдердің тізілімі

Әріс №	Атауы	Сипаттамасы
1.	Date	Датасы
2.	Time	Өтінім берілген уақыты
3.	Inst_Type	Қаржы құралының тұрпаты (E – үлестік қаржы құрал, D – борыштық қаржы құрал, DY – ақша (репо ⁷) нарығының құралы, F – туынды бағалы қағаздар, IS – исламдық бағалы қағаздар, FX – шетел валютасы (спот-нарық), SW – валюталық своп ⁵ операциясы)
4.	Sec_Type	Бағалы қағаздың түрі (қолданымды жерінде, 1 – мемлекеттік, 2 – корпоративтік, 3 – өзгесі)
5.	Issuer_rus	Эмитенттің орыс тіліндегі атауы (қолданымды жерінде)
6.	Issuer_eng	Эмитенттің ағылшын тіліндегі атауы (қолданымды жерінде)
7.	Symbol	Қаржы құралының коды
8.	ISIN	Бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру коды (қолданымды жерінде)
9.	ISIN	Бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру коды (қолданымды жерінде) ⁶
10.	NIN	Бағалы қағаздың ұлттық сәйкестендіру коды (қолданымды жерінде)
11.	Buy/Sell	Өтінімнің бағыты (Buy – сатып алу, Sell – сату) ⁸

⁷ Тек ашылу мәмілелері есепке алынады.

⁸ Repo операциясының нарығы үшін "сатып алу" бағыты repo операциясының затын сатып алуды, ал "сату" – қатысушының repo операциясының затын сатуды тұспалдайды.

12.	Ord_Type	Өтінімнің тұрпаты (T – нарықтық, N – келісімді)
13.	Ord_Type_2	Өтінімнің тұрпаты (L – шектелімді, M – нарықтық)
14.	Currency	Баға белгілеу валютасы
15.	Market_Sector	Секторы (1 – тұрақты сауда-саттықтар, 2 – арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар)
16.	P_type	Баға тұрпаты (баға белгілеу заты) (CP – номиналдан %-бен "таза" бағасы, DP – номиналдан %-бен "таза емес" бағасы, P – баға белгілеу валютасымен "таза емес" бағасы, Y – жылдық %-бек кірістілігі)
17.	Exp_Date	Келісімшартты орындау датасы (туынды қаржы құралдары үшін)
18.	Settle_Price	Есеп айырысу бағасы (туынды қаржы құралдары үшін)
19.	Price	Бағасы
20.	Yield	Сатып алушы үшін жарияланған баға бойынша өтеуге кірістілігі (облигациялар үшін)
21.	Volume	Қаржы құралының санымен көрсетілген, өтінімнің көлемі
22.	Value_KZT	Өтінімнің көлемі, теңге
23.	Value_USD	Өтінімнің көлемі, АҚШ доллары
24.	DTM	Өтеуге дейін қалған күн (облигаций)

2.2. Мәмілелердің тізілімі

Әріс №	Атауы	Сипаттамасы
1.	Date	Датасы
2.	Time	Время сделки
3.	Inst_Type	Қаржы құралының тұрпаты (E – үлестік қаржы құрал, D – борыштық қаржы құрал, DY – ақша (репо ⁹) нарығының құралы, F – туынды бағалы қағаздар, IS – исламдық бағалы қағаздар, FX – шетел валютасы (спот-нарық), SW – валюталық своп ⁵ операциясы)
4.	Sec_Type	Бағалы қағаздың түрі (қолданымды жерінде, 1 – мемлекеттік, 2 – корпоративтік, 3 – өзгесі)
5.	Issuer_rus	Эмитенттің орыс тіліндегі атауы (қолданымды жерінде)
6.	Issuer_eng	Эмитенттің ағылшын тіліндегі атауы (қолданымды жерінде)
7.	Symbol	Қаржы құралының коды
8.	ISIN	Бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру коды (қолданымды жерінде)
9.	ISIN	Бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру коды (қолданымды жерінде) ⁶
10.	NIN	Бағалы қағаздың ұлттық сәйкестендіру коды (қолданымды жерінде)
11.	T_Type	Өтінімнің тұрпаты (T – нарықтық, N – келісімді)
12.	Currency	Баға белгілеу валютасы
13.	Market_Sector	Секторы (1 – тұрақты сауда-саттықтар, 2 – арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар)

⁹ Тек ашылу мәмілелері есепке алынады.

14.	P_type	Баға тұрпаты (баға белгілеу заты) (CP – номиналдан %-бен "таза" бағасы, DP – номиналдан %-бен "таза емес" бағасы, P – баға белгілеу валютасымен "таза емес" бағасы, Y – жылдық %-бек кірістілігі)
15.	Exp_Date	Келісімшартты орындау датасы (туынды қаржы құралдары үшін)
16.	Settle_Date	Есеп айырысу датасы
17.	Settle_Price	Есеп айырысу бағасы (туынды қаржы құралдары үшін)
18.	Price	Бағасы
19.	Yield	Сатып алушы үшін мәміле бойынша өтеуге кірістілігі (облигациялар үшін)
20.	Volume	Қаржы құралының санымен көрсетілген, мәміленің көлемі
21.	Value_KZT	Мәміленің көлемі, теңге
22.	Value_USD	Мәміленің көлемі, АҚШ доллары
23.	DTM	Өтеуге дейін қалған күн (облигаций)

Биржалық ақпаратты
коммерциялық негізде ұсыну
шарттары туралы қағидаға

4 қосымша

Нақты уақыт тәртібіндегі Web-Quotes өнімінің ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАНЫМЫ

1. **Өнімнің анықтамасы** (осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

Өнімнің коды	KASE_WEB_QUOTES
Мерзімділігі	Үздіксіз ағыммен
Тарихи	Жоқ

2. **Нақты уақыт тәртібінде Web-Quotes өнімі ретінде ұсынылатын ақпараттың форматы**

Өріс №	Атауы	Сипаттамасы
1.	Symbol	Қаржы құралының коды
2.	Sts	Сауда-саттықтың мәртебесі (Opn – ашық, Cls – жабық, Frst – франкфурт, Pre – сауда-саттық алындағы сессия)
3.	V Bid	Сатып алуға ең үздік баға белгілеу бойынша теңгемен өтінімдердің көлемі
4.	Q Bid	Сатып алуға ең үздік баға белгілеу бойынша қаржы құралының саны
5.	Bid	Сатып алуға ең үздік баға белгілеудің бағасы
6.	Sprd	Сатуға ең үздік баға белгілеудің бағасы мен сатып алуға ең үздік баға белгілеу бағасы арасындағы айырмасы
7.	Sprd %	Сатуға ең үздік баға белгілеудің бағасы мен сатып алуға ең үздік баға белгілеу бағасы арасындағы айырмасы %-бен
8.	Ask	Сатуға ең үздік баға белгілеудің бағасы
9.	Q Ask	Сатуға ең үздік баға белгілеудің бағасы бойынша қаржы құралының саны
10.	V Ask	Сатуға ең үздік баға белгілеудің бағасы бойынша өтінімнің көлемі
11.	Open	Ашылу бағасы – бірінші мәміленің бағасы
12.	Min	Мәміленің минималды бағасы
13.	Max	Мәміленің максималды бағасы
14.	Last (Close)	Соңғы мәміленің (жабылу, егер сауда-саттық жабылса) бағасы
15.	Q Last	Соңғы мәміленің қаржы құралдарының санымен көлемі
16.	V Last	Соңғы мәміленің теңгемен көрсетілген көлемі
17.	Prev Close	Алдыңғы сауда-саттықтың соңғы бағасы
18.	Net Chg	Соңғы бағаның алдыңғы сауда-саттық күннің соңғы бағасына қатысты өзгеруі
19.	Net Chg %	Соңғы бағаның алдыңғы сауда-саттық күннің соңғы бағасына қатысты

		өзгеруі %-бен	
20.	Chg	Соңғы мәміле бағасының алдыңғы мәміленің бағасына қатысты өзгеруі	
21.	Chg%	Соңғы мәміле бағасының алдыңғы мәміленің бағасына қатысты өзгеруі %-бен	
22.	L/O	Соңғы мәміле бағасының ашылу бағасына қатысты өзгеруі (шетел валюталары нарығынан басқа)	
23.	L/O %	Соңғы мәміле бағасының ашылу бағасына қатысты өзгеруі %-бен (шетел валюталары нарығынан басқа)	
24.	L/PA	Соңғы мәміленің алдыңғы сауда-саттықтың орташа сараланған бағасына қатысты өзгеруі (тек шетел валюталары нарығы үшін)	
25.	L/PA %	Соңғы мәміленің алдыңғы сауда-саттықтың орташа сараланған бағасына қатысты өзгеруі %-бен (тек шетел валюталары нарығы үшін)	
26.	Aver	Орташа сараланған бағасы	
27.	Prev Aver	Алдыңғы сауда саттықтың орташа сараланған бағасы	
28.	Aver Chg	Изменение средневзвешенной цены к средневзвешенной цене предыдущих торгов	
29.	Aver Chg %	Орташа сараланған бағаның алдыңғы сауда-саттықтың орташа сараланған бағасына қатысты өзгеруі %-бен	
30.	Deals	Жасалған мәміленің саны	
31.	Q	Жасалған мәмілелердің қаржы құралдар бірлігімен көрсетілген көлемі	
32.	V	Жасалған мәмілелердің көлемі теңгемен	
33.	V \$	Жасалған мәмілелердің көлемі АҚШ долларымен	
34.	Dlrs	Мәмілелер жасаған қатысушылардың саны	
35.	DTM	Өтеуге дейін қалған күндер	(борыштық бағалы қағаздар, мемлекеттік бағалы қағаздар және ХҚҰ облигациялары нарықтары үшін)
36.	Cpn	Облигацияның купон мөлшерлемесі	
37.	CD	Купон төлеудің жуырдағы датасы	
38.	MD	Өтеу датасы	
39.	Time	Соңғы жаңартудың уақыты	
40.	Date	Соңғы жаңартудың датасы	

Биржалық ақпаратты
коммерциялық негізде ұсыну
шарттары туралы қағидаға

4-1 қосымша

**Анықтамалық ақпараттың
ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАНЫМЫ**

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен енгізілген)

1. Өнімнің анықтамасы

Өнімнің коды	KASE_REF
Мерзімділігі	Сауал бойынша / ақпаратты немесе оған рұқсаттаманы тұрақты ұсыну
Тарихи	Жоқ
Форматы	XML

2. Анықтамалық ақпараттың мазмұны

2.1. Бағалы қағаздар эмитенті туралы ақпарат

Атауы	Сипаттамасы
Жалпы ақпарат	Атауы, қызмет түрі және өзге ақпарат
Бағалы қағаздар мен акционерлер	Эмитенттің бағалы қағаздары және оның акционерлері туралы ақпарат
Қаржылық көрсеткіштер	Қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері
Құжаттар	Эмитенттің құжаттары (инвестициялық меморандумдар, бағалы қағаздар шығарылымының аңдатпалары, есеп берушіліктер, корпоративтік уақиғалар туралы құжаттар)

2.2. Қаржы құралы туралы ақпарат

Атауы	Сипаттамасы
Жалпы ақпарат	Түрі, сәйкестендіру белгілері және өзге ақпарат
Сипаттамалары	Қаржы құралының сипаттамалары
негізгі сипаттамасы	Қаржы құралдарының қасиеттері
сауда-саттық сипаттамасы	Қаржы құралының сауда-саттығымен байланысты, техникалық ақпарат
Басқасы	Төлеу агенттері, қаржылық кеңесшілер, маркет-мейкерлер туралы және өзге ақпарат

Биржалық ақпаратты
коммерциялық негізде ұсыну
шарттары туралы қағидаға

5 қосымша

**Биржаның ақпараттық өнімдерін ұсыну үшін
немесе тарату құқығымен ұсыну үшін**

А Л Ы М Д А Р

1. Нақты уақыт тәртібінде сауда-саттық ақпаратын ұсыну үшін және тарату құқығымен ұсыну үшін алымдар

Айына АҚШ доллары

Вендорлардың жіктелімі	Ақпаратты тарату құқығына алым	бір түпкі пайдаланушы үшін		
		бірінші топтағы елдің	екінші топтағы елдің	үшінші топтағы елдің
"Максималды" жиынтығы (Биржаның барлық нарықтары және барлық индикаторлары бойынша ақпарат)				
Ғаламдық	3 300	25	35	50
Аймақтық	2 500	25	35	50
Жергілікті	1 800	25	35	50
"Базалық" жиынтық (Биржаның кез келген үш нарығы және барлық индикаторлар бойынша ақпарат)				
Ғаламдық	2 800	20	30	40
Аймақтық	2 200	20	30	40
Жергілікті	1 500	20	30	40
"Минималды" жиынтығы (Биржаның кез келген екі нарығы және барлық индикаторлар бойынша ақпарат)				
Ғаламдық	2 200	15	20	30
Аймақтық	1 700	15	20	30
Жергілікті	1 100	15	20	30

2. Кідірілген сауда-саттық ақпаратын ұсыну үшін және тарату құқығымен ұсыну үшін алымдар

Айына АҚШ доллары

Вендордың жіктелімі	Барлық нарықтар
Ғаламдық	1 100
Аймақтық	850
Жергілікті	600

3. Сауда-саттық қорытындылары туралы ақпараттарды ұсыну және тарату құқығына алымдар

Долларов США в ай

Вендордың жіктелімі	Барлық нарықтар	Кез келген 3 нарық	Кез келген 2 нарық
Ғаламдық	500	450	400
Аймақтық	350	300	250
Жергілікті	250	200	150

4. Мұрағаттық ақпаратты ұсыну және тарату құқығына алым

АҚШ доллары

Кезең	Алымы
1 ай	400
2–3 ай	600
4–6 ай	800
7–9 ай	1 000
10–12 ай	1 250
Бір жылдан астам	әр жылға 1 250

5. Web-Quotes өнімін нақты уақыт тәртібінде ұсыну үшін алымдар

Айына АҚШ доллары

Нарық	алымы
Шетел валютасы мен валюталық своп операциялары	50
Үлестік бағалы қағаздар	10
Корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	10
Мемлекеттік бағалы қағаздар	10
Репо операциялары	10
Туынды қаржы құралдары	10

(Осы кесте Биржа Басқармасының 2014 жылдың 17 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген).

6. Анықтамалық ақпаратты ұсыну үшін алымдар

Айына АҚШ доллары

Атауы	алымы
Бағалы қағаздар эмитенті туралы ақпарат	200
Қаржы құралдары туралы ақпарат	200
Бағалы қағаздардың эмитенті және қаржы құралдар туралы ақпарат	300

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2015 жылдың 27 наурызындағы шешімімен енгізілген).